

**"Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 6 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 09 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабы 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 6 шешімінің (2016 жылғы 8 сәуірдегі № 3699 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 18 (636) "Қызылжар" газетінде, 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 18 (5573) "Маяк" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қызылжар ауданының әкімі*

*Б. Жұмабеков*